Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Қазақ университеті

ОРГАН ПАРТКОМА, РЕКТОРАТА И КОМИТЕТА КОМСОМОЛА КАЗАХСКОГО ОРДЕНА ТРУДОВОГО КРАСНОГО ЗНАМЕНИ ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА имени С. М. КИРОВА

6 НОЯБРЯ 1980 года
Четверг
33—34 (1150-1151)
Газета издается с 20 апреля 1948 года.
Цена 2 коп.






# С РИТМОМ ОКТЯБРЯ СВЕРЯЯ ШАГ

**С. Н. САВИЦКИЙ,**
**проректор по идейно-воспитательной работе.**

Праздник Великого Октября трудящиеся нашей Родины встречают в завершающем году X пятилетки в год подготовки к XXVI съезду КПСС и XV съезду Компартии Казахстана.

Подготовка к 60-летию Казахской ССР и Компартии Казахстана, участие в праздничных торжествах Генерального секретаря ЦК КПСС, Председателя Президиума Верховного Совета СССР тов. Л. И. Брежнева, его выступления перед участниками юбилейного торжества вызвали у трудящихся новый прилив энергии, творческого труда по достойной встрече съезда родной Коммунистической партии.

К празднику Октября коллектив профессоров, преподавателей, сотрудников и студентов университета пришел с немалыми успехами в учебно-воспитательной работе и научной деятельности.

Улучшается учебный процесс, совершенствуется методическая работа. На факультетах и кафедрах составлены и внедряются структурно-логические схемы и технологические карты, подготовлены и читаются новые спецкурсы по важнейшим направлениям современной науки. Повысилась успеваемость студентов. Только в этом году 92,3 процента выпускников университета защитили дипломные работы на «отлично» и «хорошо».

Учебный процесс в университете обеспечивают 106 докторов наук, в том числе 24 академика и члены-корреспонденты АН КазССР, и 535 кандидатов наук.

Учеными университета выполнен значительный объем научных исследований, только по хоздоговорной тематике выполнено работ на 20 млн. рублей, из которых 5 млн. в 1980 г. Экономический эффект от внедрения выполненных за пятилетку 126 научных тем составляет около 11,5 млн. рублей.

В университете проводится большая работа по идейно-политическому воспитанию студентов. Осуществляется разработанная комплексная система коммунистического воспитания студентов, реализация которой позволяет строить воспитательный процесс с учетом интересов студентов, целенаправленно, с выявлением эффективности используемых форм и методов.

Постоянное совершенствование форм и методов идейно-воспитательной работы, повышение роли партийного руководства в воспитательном процессе находит отражение в росте общественно-политической активности студентов университета, их коммунистической сознательности. Укрепляются и развиваются традиции участия наших студентов в конкурсах на лучшую научную работу по общественным наукам, истории ВЛКСМ и международного молодежного движения. В VIII Всесоюзном конкурсе 1980 г. приняли участие 96,5 процентов студентов университета.

Студенты активно участвуют во всех формах общественно-политической практики. По итогам республиканского смотра-конкурса 1980 г. ФОП КазГУ занял I место. Сейчас вторую общественную специальность получают 3500 студентов.

За истекающую пятилетку бойцы ССО университета освоили около 30 млн. рублей капиталовложений, в том числе в 1980 г.—7 млн. 600 тыс. рублей. ССО КазГУ награжден Памятным Красным Знаменем ЦК Компартии Казахстана и Совета Министров КазССР.

Художественная самодеятельность студентов с 1975 г. занимает I место на городском смотре самодеятельности вузов г. Алма-Аты. Коллектив самодеятельности КазГУ выезжал в Венгерскую Народную республику, участвовал в юбилейных праздничных концертах, посвященных 60-летию Казахской ССР и Компартии Казахстана. Танцоры участвовали в церемонии открытия XXII Олимпийских игр в Москве.

Улучшается спортивно-массовая работа. На смотре-конкурсе по развитию высшего спортивного мастерства среди вузов страны университет занимает места среди пяти лучших университетов страны. Выпускница университета Н. Ольхова в составе олимпийской сборной страны по баскетболу второй раз завоевала титул Олимпийской чемпионки.

Признанием успехов коллектива университета в осуществлении главной задачи—подготовки высококвалифицированных специалистов явилось вручение университету Переходящего Красного Знамени ЦК КП Казахстана, Совета Министров КазССР, Казсовпрофа и ЦК ЛКСМ Казахстана (1977, 1979 г.г.) и Переходящего Красного Знамени и диплома I степени Минвуза СССР и ЦК профсоюза работников просвещения, науки и высших учебных заведений за достижение наивысших результатов по итогам социалистического соревнования.

В нашей работе имеется немало недостатков, устранению которых в значительной мере будут способствовать взятые социалистические обязательства по достойной встрече XXVI съезда КПСС и XV съезда Коммунистической партии Казахстана.

Сегодня многотысячный коллектив студентов и сотрудников университета с энтузиазмом трудится над выполнением принятых социалистических обязательств. Праздник Великого Октября — важная веха на этом пути: с ритмом Октября сверяет Казахский государственный университет, как и весь советский народ, свое поступательное движение к коммунизму.

# ЖҮРЕКТЕРГЕ ӘН БОЛЫП ТАРАЛҒАН КЕШ

ҚазГУ қалашығының оңтүстік жағына орналасқан номері бесінші жатақхана мерекедегідей безендірілген. Осында бүгін студенттердің алтын күзге арналған кеші өтпек. Жатақхана студенттері шат-шадыман көңілді, енді бірер уақыттан соң басталар кешті тағатсыздана күтуде. Бәрі де қуанышты, бал-бұл жайнаған жүздерінен осынау қоңыр күзге арналған кештің көңілді өтерін айқын сезінгендейсің.

Жатақхана бүгінде әдеттегідей емес, кіре берістен-ақ мерекелік әуен құлаққа келеді. Жадыраған күлкілер, көңіл тербетер музыка жайсаң көңілге қуаныш ұялатады.

Үшінші қабаттағы үлкен де кең зәулім дәліздің қабырғаларына студенттер осы кешке арнап шығарған газеттерін ілген екен. Осынау қабырға газеттерінің арасынан өзінің көркемдік жағынан, мазмұнына қарай бірінші және төртінші курс студенттерінің осы кешке арнайы дайындалып, қолда барды аямай өздерінің бар творчестволық мүмкіндіктерін барынша пайдаланғандығын айқын аңғаруға болады.

Алтын жапырақ! Ия, осынау сөздің түп төркініне үңіле қарасақ, біздің ойымызға ең алдымен жыл бойы атқарылған тынымсыз еңбектің жемісі келер еді. Алтын күз! Бұл дихан қауымының жаз бойы төккен терін қорытындылайтын мезгіл. Бұл алтын астық керуені мезгілі.

Міне, туған республикамыздың еңбеккерлері үстіміздегі жылы тағы да абыройлы міндет биігінен көріне білді. Қазақстандық дихандар Отан қоймасына бір миллиард пұттан астам астық құйып елімізді қуантты. Осынау зор табыс республика еңбеккерлерінің оныншы бесжылдықта осымен төртінші рет көрініп отырған белесі. Осынау мерекелік қуаныштa біздің студенттер қауымының да қосқан үлесі бар. Жыл сайын университет жастары тыңдағы облыстарға көмекке барып, ел ризығы алтын астықты ысырапсыз әрі дер мезгілінде жинап алуға атсалысып жүр. Олар ылғи да Алматыға сеніммен, зор құрмет құшағында, үлкен алғыс аясында оралады.

Бүгінгі осы жатақханада өткелі отырған «Алтын күз» кеші осынау мерекеге арналмақ.

Студенттер қауымы түгел жиналып, орындарына жайғасқан соң, журналистика факультетінің кәсіподақ комитеті председателі Батырхан Садыханов бүгінгі кештің ашылуы жайында хабарлады. Ол өзінің сөзінде факультет студенттерінің биылғы жылы республикамыздың дихандар қауымына көрсеткен көмегі жайында баяндай келіп, қазіргі жаңа оқу жылына олардың зор өрлеу үстінде кірісіп кеткендігі туралы айтып берді.

Бұдан кейін үстіміздегі жылы оза шауып студент атанған бірінші курс жастарымен танысу рәсімі болды. Олардың атынан алғашқы сөзді орта мектепті алтын медальмен бітіріп келіп түскен, болашағынан көп үміт күттіретін жас талант Сейітжанова Жанна сөз алды. Ол өз әңгімесінде жоғарғы курс студенттерін биылғы миллиардқа қосқан зор үлестерімен құттықтап, республикамыз бен Қазақстан Компартиясының 60 жылдығы торқалы тойы қарсаңында өмірдің жаңа арнасы студенттік шақтың алғашқы бороздасын кешкен бірінші курс студенттерінің де ауыл шаруашылығы жұмыстарына барып, ауыл-село еңбеккерлеріне көрсеткен қолғанаттары жайында баяндады.

— Біз гүлденген Қазақстанның әр түкпірінен келіп, бұл күндері осынау сәулетті республикамыздағы студенттер қатарына қосылдық. Әрине, әрқайсымызға да туған жер табиғаты, туған жердің күзі ерекше! Дегенмен биылғы Қазақстан Компартиясының 60 жыл толған торқалы тойында республикамыздың Отан қоймасына миллиард пұт астық тапсырып, Ұлы Октябрь революциясының 63 жылға толу мерекесін толағай табыстармен қарсы алуы, біздің білім ордасының биік шаңырағында студент атануымыз бәрі де, осы бір «Алтын күзде» табысып әр жүрекке ән болып таралып жатқан секілді, — дейді өз сөзінде бірінші курс студенті Ләззат Егебаева.

Мұнан соң бірінші курс студенттерінің шат-шадыман қуаныштарымен құттықтап II курс студенті Үмітхан Алтаева өлең оқып игі тілегін білдірді. Лена Майер мен Виктория Валец өз өнерлерін көрсетіп, кеш соңы көңілді биге ұласты.

**Мария МЫҢБАЕВА.**

# Мәдени хабарлар

* * *

Университет студенттерінен құралған қазақ драма үйірмесі белгілі драматург Қалтай Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты пьесасын сахнаға шығаруға дайындыққа кірісті. Өткен жылы Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасын қойып, көпшілік көңілінен шыққан коллектив жаңа еңбектерін көрермендер қауымына март айында ұсынбақ. Пьесаны сахнаға режиссер Ж. Құрманбеков әзірлеуде.

* * *

Жақында филология факультетінде әдебиет үйірмесі мүшелерінің ұйымдастыруымен белгілі совет ақыны А. Твардовскийдің 70 жасқа толуына байланысты әдеби кеш өткізілді. Кеште ақын творчествосына жан-жақты талдаулар жасалып, өлеңдер оқылды.

* * *

М. Әуезов атындағы әдеби бірлестік биылғы оқу жылындағы алғашқы бас қосу кешін өткізді. Кешке ақындар К. Ахметова, И. Айтхожина қатысып, студенттерге өз творчестволары жайлы әңгімелеп берді. Кеште әдеби бірлестіктің жаңа құрамы сайланды. Сондай-ақ студент — ақындар өлеңдерін оқыды.

Әсерлі өткен кешті филология ғылымының кандидаты, доцент С Садырбаев жүргізіп отырды.

# ЮНОШИ и ДЕВУШКИ! НАСТОЙЧИВО ОВЛАДЕВАЙТЕ

МӨЛТЕК СЫР

## *ОКТЯБРЬ ШАПАҒАТЫ БАР ЕЛІМДЕ*

..Жыл сайын қоңыр күздің осынау бір ноябрь айында айналайын адамзат біткен қуана, құшақ жайып қарсы алатын ұлы мереке бар, ол — Октябрь мерекесі.

..Ылғида әрқашан, әр жерде өзінің осынау бір балғын балалық шағынан қызық-қызық әңгімелер шертіп отыратын сол қария әлі күнге жадымда. Сосын ғой күнде ертемен анау ауыл сыртындағы биік төмпешік басына шығып, ұзақты күн ой орманын тілгілеп отырар еді де, дана көңілі бала болып ауылға оралатын. Сонда ақ сақалды қария сол бір төбе басында осынау бақытты заман үшін жанын қиған өзінің замандастарын еске алады екен-ау. Арманы асқақ адамзат қазір күн санап сонау асқар биіктерге иек артпақ. Жер бетіндегі ғұмыр ертегісі әрқашан алға қарай жалғана бермек.

...Сонау Смольныйда алып «Аврора» үнінен нұр алып, бар елге шаттық болып таралған қуаныш күлкісі жер бетінде әлі күнге ақ қанат көгершін болып қалықтауда. Сол бір айналайын алып үн, бостандық таңы қиырдағы қазақ даласын да өз шуағымен жылытты. Кешегі байдың жетегінде, қойдың қиыр соңында жүрген атам қазақ бақытты заманды қуана қарсы алып, азаттық таңына асықты. Кермиық дала кемеңгер халқына өзгеше үн қатты. Дала төсі біртіндеп өзгере бастады.

Иә, содан бері де арадан алпыс үш жыл уақыт өтіпті. Уақыт өткен сайын заман өзгерді, ел жаңарды. Өмір өлшемі мәужіреген мыстан уақыттың қалтыраған сараң саусағында емес, ер азаматтың еңбеккер еселі қолында өзгерді.

Кешегі құс ұшса, қанаты талған қазақ даласы бұл күнде ұлы істің арнасына, ырыстың қоймасына айналды. Кешегі көшпенділердің мекені ғарышкерлер жолына ұласты.

...Бір сәт айналаңа жіті көзбен көз тастасаң, ұшы-қиырсыз алтын аймақ — Қазақстан даласын көрер едің. Сонда дастархан көркі, ел байлығы ақбидайлы алқапта күн ұзын еңбек көрігін қыздырған комбайндар үні естілер еді құлаққа. Мұнайлы Маңғыстау маржандарын, Оңтүстіктің ақшағала ақ мақта алқабын, Көкшенің көрікті өңірін, Қарағанды көмірін көрер едің. Ақтылы қой өргізіп, елу миллионға иек артқан қой шаруашылығы. Иә, бүгінгі Қазақстан осындай алып өлке, он бес шоғырдың бірі.

...Жанарымда сол бір сәт. Қызыл жұлдыз жайлы қызық-қызық әңгіме шертетін сол қарияның бақытты ұрпақтары екенбіз-ау бәріміз де деймін.

Ендеше бәріңе де айтар бір тілек — Октябрь мерекесі құтты болсын, деген ақ тілек болмақ.

...Ақ қанатты ақ көгершін әрқашан алыстарға самғай берсін!

**Бақыт ДОСЫМОВ.**



## ҚҰРМЕТ ИЕСІ

**Соңғы жылдары Сібір өзендерін бұру арқылы Қазақстан мен Орта Азияны суландыру, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану күн тәртібіне жиі қойылып жүр.**

**Гидрология ғылымы саласындағы ғалымдарды да алаңдатып, толғандырған осыбір проблемалық мәселе еді. Ғалымдар алдында Сібір өзендерін Қазақстан мен Орта Азиядағы Теғіс, Шардара, Түйемойын су қоймаларына каналдар арқылы жеткізу міндеті тұрды. Айтар ауызға оңай болғанымен мұның өзі ғылыми жобалаудың дәлдігін қажет ететін күрделі іс болатын.**

**Осынау бүкіл халықтық маңызы зор игілікті істі шешуге өзіндік сүбелі үлесін қосып, бұл жөніндегі комплексті ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізгендердің бірі осы ғалым Абай Тұрсынов еді. Ол өзен суларын тиісті су қоймаларына бөгеттер мен насостардың жәрдемі арқылы бұру жөнінде келелі пікірлер мен тың тұжырымдар айтты.**

**Ғылыми жетістік! Ойланып қарап отырса, осынау татымды табыстарға Абай Тұрсыновтың қолы оңайлықпен жетпеген екен. Талай жылдар бойына тынымсыз еңбек етіп, тер төкті.**

**1956 жылы Москва Су шаруашылығы инженерлері институтын тәмамдағаннан кейін Красноярск ГЭС-інің құрылысында шебер, прораб, учаске бастығы болып әртүрлі қызметтер атқарды. Абайдың ғылымға деген құштарлығы осы жерден басталды. Ақыры ол М. И. Калинин атындағы Ленин орденді Ленинград политехникалық институты гидравлика кафедрасының жанындағы аспирантураға оқуға түсті. Оны бітіргеннен кейін институттың гидравлика кафедрасында қызмет ете жүріп, профессор Р. Р. Чугаеваның жетекшілік етуімен кандидаттық диссертация қорғады. Ал, 1970 жылы докторлық диссертациясын сәтті қорғап шыққан А. Ә. Тұрсыновқа Бүкілодақтық жоғары аттестациялық комиссияның шешімі бойынша гидравлика кафедрасының профессоры деген ғылыми атақ берілді.**

**Қазіргі кезде техника ғылымдарының докторы, профессор А. Ә. Тұрсынов университеттің география факультеті құрылық гидрологиясы кафедрасының меңгерушісі, болашақ жас мамандардың қадірменді ұстазы. Алпыстан астам ғылыми жұмыстың авторы, тәжірибелі ғалым қолынан осы мерзім ішінде көптеген жұртшылыққа танымалы мамандар түлеп ұшты. Оның жетекшілік етуімен кандидаттық диссертация қорғалды. Әбекеңнің үздік шәкірттерінің бірі А. Д. Гиргидов үстіміздегі жылы докторлық диссертациясын қорғап, Ленинград политехникалық институты гидравлика кафедрасының профессоры болып еңбек етуде.**

**Профессор А. Ә. Тұрсыновтың жүргізген ғылыми зерттеулері еліміздегі құрылысы кеңінен қанат жайған жоғары ағысты су жүйелерін жобалау ісімен тығыз байланысты. Кезінде бұл ғылыми жұмыстар нақтылы Сібірдегі Колымск, Вилюйск, Дағыстандағы Черкиск, Миатлинск, Тәжікстандағы Нурек ГЭС-терінде қолданылып, жемісті нәтижелерге қол жеткізді.**

**Абай Әбдірахманұлы Тұрсынов 1978 жылы СССР Су шаруашылығы министрлігі жұмысшылар группасының құрамымен бірге Америка Құрама Штаттарында болып, ондағы ғалымдармен бірлесіп зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Сөйтіп, «Ірі су каналдарын жобалау» атты аналитикалық шолу кітапты шығаруға атсалысты.**

**КПСС мүшесі, абыройлы қызмет иесі А. Ә. Тұрсынов факультет партбюросының мүшесі, ғылым жөніндегі факультет деканының орынбасары.**

Елеусіз **МҰРАТОВ.**

## Ғылымның қия жолында

Ғалым болайын деп кім ойлаған. Осынау бүкіл өміріңді биік мақсат жолында сарп етіп, ғұмырыңның басты формуласын «ізденіс» атты асыл сөзбен белгілеп, бар уақытыңды ғылымға арнау екінің бірінің қолынан келе бермесі анық.

Қордайдың жазығында талдан ат қиып мініп, шапқылап жүрген қара домалақ бала Алматыдай әсем астанада оқып білім алып, ғылым қуамын деп ойлады ма екен? Тіпті сол кезде біреулер көрегендік жасап, Жұмаділдің болашағын айтып берсе, «ұлың ғалым болады» дегенге өзге түгіл ата-анасы сенбес еді. Мектепте жүргенде озат оқушылар сапынан қалмағанымен, дара шығып көзге көрінген емес. Тек, осынау қақ-соқпен ісі жоқ, ұяң баланың математика сабағында көзі ерекше ұшқынданып, батылданып кететін. Мұғаліммен жарыса есеп шығарып, кейде түрлі сұрақтар қойып састырып-ақ жіберетін.

1966 жылы онжылдықты ойдағыдай аяқтасымен өзгелер құсап «пәлен болам, түген боламын» деп даурықпастан астанадағы политехникалық институтына тартып кетті. Жолы болып, сол жылы-ақ оқуға қабылданды.

Студенттік өмірдің толқынын тосырқай қабылдаған ауыл баласы біраз уақыт көндіге алмай жүрді. Бірақ, табиғатынан тұрақты жігіт көп ұзамай-ақ берілген тапсырмаларды мұқият орындауға, өз бетімен көп ізденуге төселіп алды. Алматыға келісімен алдынан жаңа бір таңғажайып өмір баспалдағы кезіккендей болды. Орталық кітапханадағы сансыз оқулықтар оның «көзін тұндырып, басын айналдырып алды». Кейде, сөредегі барлық кітаптарды оқып шықпай көңілі көншімейтін сияқты көрінетін. Сондықтан ба, лекциядан шығысымен қара портфелін көтеріп, кітапханаға тартатын. Кейде өзге жұмыстармен айналысып, кітапханаға бара алмаса, сол күнін алаңдаумен өткізетін. Студент құрдастары әзілдеп:

Жұмаділ кітапханаға бармаса,
Ол күнгі ісі далбаса —

деп күлісетін.

Үлкен ізденістен, тиянақты, мол білім алып шыққан бес жылға Жұмаділ ғұмыр бойы қарыздар. Осы бес жыл ішінде Жұмаділ өзінің «өмірлік траекториясын» толық белгілеген сияқты. Институтты қызыл дипломмен бітіріп, С. М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің қолданбалы механика факультетіне ғылыми зерттеуші болып қызметке орналасты. Ғылым мұхитының толқыған тасқыны Жұмаділді өз тұңғиығына тез тартып әкетті. Екі жылдан соң аспирантураға түсіп, тұрақты бір бағыттағы ғылыми жұмыспен айналыса бастады.

Осы уақытқа дейін механика ғылымында «жоғарғы класты, жоғарғы ретті Ассур топтарын» зерттеудің графиктік әдістері ғана белгілі болып келген еді. Ассур топтарын (яғни механизмнің жетекші бөлігін алып тастаған кезде пайда болатын механизмдік звено) және кинематикалық жұптардың пайда болуын академик И. И. Артоболевский зерттеген еді.



Академик Ө. А. Жолдасбеков бастаған ғалымдар тобы қолданбалы механика және машиналар механикасы лабораториясында Ассур топтарын зерттеудің жаңа әдістері және оларды қолдану туралы ғылыми жұмыстар жүргізді. Ассур топтарының кинематикасын, кинетостатикасын және синтезін зерттеу қолға алынды. Осы топта зерттеу жүргізген Жұмаділ академик Жолдасбековтың жетекшілігімен «Жоғарғы класты механизмдік аналитикалық кинематикасы» деген тақырыпта 1977 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Жұмаділдің бұл еңбегі техника ғылымы саласына қосылған өзінше үлес болды. Кинематикада Ассур топтарының жұмыс істеу нүктелерінің траекториясы, жылдамдығы және үдеуі анықталды. Осыған сүйене отырып жас ғалым Ассур топтарының структуралық формулаларын алды. Осы формулалар бойынша бір контурлы және бірнеше контурлы Ассур топтарының барлық түрлерін алуға болатындығын дәлелдеп шықты.

Осы уақытқа дейін халық шаруашылығында академик Артоболевскийдің топтауы бойынша екінші және үшінші класты механизмдер қолданылып келеді. Ал жоғары класты механизмдердің жұмыс істеу мүмкіншілігі бұл екі топқа қарағанда аса жоғары. Ғалымдар тобы жоғары класты механизмдерді манипулятор, роботтарда қолдануға болатындығын біле отырып, жоғарғы класты механизмдердің зерттеу әдісі жоқ болғандықтан тежеліп келді. Осындай тығырықтан шығу жолында жүргізілген үлкен зерттеуде Жұмаділ еңбегі қомақты орын алады.

Отыз жасында техника ғылымының кандидаты атанған ол осы саладағы зерттеу жұмысын одан әрі жалғастырып «Аналитикалық кинетостатика» және «Аналитикалық синтез» деген тақырыптарда ғылыми жұмыстар жазып шықты. Бұл еңбектерде көрсетілген әдістерді пайдаланып жүк көтергіш кран, жүк тиегіш, өздігінен жүретін машиналар механизмін жасап шығаруға болатын болды.

Адам өмірінде қуанышты да ұмытылмас, қимас, бақытты шақтары көп қой. Жұмаділдің Англияда дүние жүзілік ғылыми конгресте баяндама жасағаны өмірінің ең бір қымбатты шақтарының бірі десе де болғандай. Күні кешегі талдан ат қиып мініп, шапқылап жүрген қара бала бүкіл дүние жүзі ғалымдары алдында қасқайып тұрып өз еңбегінің нәтижесін сарапқа салып тұр. Неткен бақытты сәт! ГДР-да өткен ғылыми конгреске қатысуы да оның ғылым жолындағы ізденісін арттыра түсті.

...Лабораториядан кештеу шыққан ол күзгі Алматының көрінісін тамашалап Виноградов көшесіндегі аялдамаға қарай беттеді. Сүйкімді қара торы жүзінен шаршағандық пен шектен тыс қуаныш лебі білінеді. Көшелері самалдай жарқыраған Алматы түні неткен сұлу! Жұмаділдің бүгінгі қуанышына ортақтасқандай баяу самал жел бетінен аймалайды. Қызықты ойлар жетегіне түсіп кеткен ол аялдамадан әудем жер өтіп кеткенін бір-ақ білді. Өзіне-өзі жымиып күлді де, қолын бір сілтеп жаяу кетті. Көкірегін кернеген қуаныш үйге қарай алып ұшып келе жатқандай. Бүгінгі күн Жұмаділ өміріндегі ұмытылмас күндер қатарына енді. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бюросы, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ғылым-техника саласындағы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлықтары жөніндегі комиссияның ұсынысы бойынша бір топ ғалымдармен бірге Жұмаділ Байкөншековке Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын беруге қаулы қабылдапты. Бүгін, міне, ол Қазақстан Ленин Комсомолы сыйлығының лауреаты! Советтік заманның салты — адам еңбегінің бақыты деген осы да!

Ғылымның қия жолында әр адымыңды нық басып, тайсалмай білім шыңына өрлей бер, Жұмаділ! — демекпіз біз оған шаттық сезіммен.

**Алтынбек СӘРСЕНБАЕВ,**
**«Қазақ университеті» газетінің арнаулы тілшісі.**

## *БІЛІМ—БАСТЫ МАҚСАТ*

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Жоғарғы оқу орындары жанынан дайындық бөлімдерін ұйымдастыру туралы» 1969 жылғы қаулысы еліміздегі жоғары оқу орындарындағы оқу-методикалық тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру жолында үлкен бетбұрыс болды.

Партиямыздың осы қаулысына байланысты Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарының жанынан дайындық бөлімдері ашылды. Соның бірі — 1969—1970 оқу жылында өз жұмысын бастаған С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы дайындық бөлімі.

Дайындық бөлімі алғаш жұмыс істей бастаған кезде оның пайдасын біле бермейтін кейбір жастарға түсіндіруге, үгіт жұмыстарын жүргізуге тура келді. Ал, қазір дайындық бөлімінде оқуға талап етушілердің қатары өсуіне байланысты ең талапты деген жұмысшы, колхозшы жастарды іріктеп алуға мәжбүр болып отырмыз. Еңбек майданында шыныққан өмірлік тәжірибесі бар жастарды таңдап алудың болашақта студенттердің білім алу сапасын арттыруға да зор әсері тиері сөзсіз. Тыңдаушыларды іріктеу ісіне университеттің тәжірибелі педагогтары қатысады. Дайындық бөлімі арқылы университет қабырғасына 2 мыңға жуық өндірістің, колхоз-совхоздардың алдыңғы қатарлы жұмысшылары, Совет Армиясы қатарында қызмет етіп қайтқан жастар студент атанып-ты. Олар қоғамдық жұмыстарды белсене жүргізе алатын, университет коллективіне оқу-тәрбие процесіне жақсарту мақсатында өз үлестерін қоса алатын талапты жастар. Көпшілігі оқу группаларының озаттары, комсомол комитетінің мүшелері, студенттер арасында ұйымдастыру жұмыстарының ұйтқылары.

Университет ректораты, партия ұйымы, комсомол комитеті және дайындық бөлімі деканаты жылдағы тыңдаушылар қабылдау жұмысына ерекше қамқорлықпен қарайды. Дайындық бөліміне орта білімді, жасы 34-ке дейінгі, кемінде бір жылдық еңбек стажы бар алдыңғы қатарлы жұмысшы, колхозшы, әскери борышын өтеп қайтқан жастар қабылданады.

Жастарды іріктеу мен дайындық бөліміне жолдама беру ісімен әскери бөлімдер командирлері, СССР ДОСААФ, совхоз, колхоз, шаруашылықаралық, өндірістік бірлестіктер, құрылыс, транспорт, байланыс ұйымдары жетекшілері айналысады.

Дайындық бөлімі тыңдаушыларға сапалы білім берумен қатар үлкен тәрбие мектебі де. Дайындық бөлімі партия, комсомол және кәсіподақ комитетінің тікелей басшылығымен тыңдаушылардың қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарады.

Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы дайындық бөлімінің қызмет саласы уақыт өткен сайын ауқымын кеңге жайып, коммунизмнің жас құрылысшыларын тәрбиелеу мақсатындағы үлгілі ортаға айналып келеді.

**Т. СРАЙЫЛҰЛЫ,**
**С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы дайындық бөлімінің меңгерушісі, доцент.**

